


Қор нарықтары...

| Қор индекстері | Мәні, теңге | Күндік өзгерістер | Жыл басынан өзг. |
|-----------------------------|-------------|-------------------|------------------|
| АҚШ | | | |
| S&P 500 | 6 466 | ▲ 0,41% | ▲ 10,2% |
| NASDAQ | 21 544 | ▲ 0,44% | ▲ 11,7% |
| DJIA | 45 418 | ▲ 0,30% | ▲ 7,1% |
| CBOE Volatility Index (VIX) | 15 | ▼ -1,15% | ▼ -18,5% |
| Еуропа | | | |
| FTSE 100 | 9 266 | ■ #НАЧІ | ▲ 12,2% |
| DAX | 2 058 | ▼ -0,53% | ▲ 20,6% |
| Азия | | | |
| Hang Seng | 25 525 | ▼ -1,18% | ▲ 30,1% |
| Nikkei 225 | 42 481 | ▼ -0,76% | ▲ 6,5% |
| Shanghai SE | 3 868 | ▼ -0,39% | ▲ 18,6% |
| Қазақстан | | | |
| KASE | 6 772 | ▲ 0,34% | ▲ 19,3% |

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сейсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 0,41%-ға өсіп, \$6 465,94-ке жетті; Nasdaq Composite 0,44%-ға көтеріліп, \$21 544,27 болды; DJI 0,30%-ға қымбаттап, \$45 418,07 құрады. S&P 500-дің 11 секторының 6-ы сауда барысында өсім көрсетті. Өсу көшбасшылары Industrials (+0,6%), Financials (+0,4%) және Utilities (+0,1%) секторлары болды. Herizi аутсайдерлер — Consumer Staples (-0,9%), Communication Services (-0,7%) және Real Estate (-0,3%) секторлары.

| S&P 500 секторларын талдау | Market Cap | Күндік өзгеріс | Айлық өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|----------------------------|--------------------|----------------|---------------|----------------|
| Communication Services | 8 824 680 127 429 | -0,7% | 3,3% | 22,0% |
| Consumer Discretionary | 6 381 490 074 065 | 0,1% | 4,3% | 20,4% |
| Consumer Staples | 3 319 287 950 748 | -0,9% | -0,9% | -7,1% |
| Energy | 1 588 763 958 309 | -0,2% | -1,8% | -2,9% |
| Financials | 7 958 754 115 708 | 0,4% | 1,8% | 16,2% |
| Industrials | 4 619 883 803 326 | 0,6% | 1,5% | 18,1% |
| Information Technology | 18 598 155 753 723 | 0,0% | -1,5% | 18,0% |
| Materials | 1 039 886 918 223 | 0,1% | -0,4% | -3,0% |
| Real Estate | 1 060 135 479 011 | -0,3% | -1,8% | -5,5% |
| Utilities | 1 180 154 139 984 | 0,1% | 0,9% | 14,4% |
| Health Care | 5 148 784 869 880 | 0,0% | 1,6% | 6,8% |

Сейсенбіде америкалық акциялар қымбаттады, себебі инвесторлар президент Дональд Трамптың ФРЖ төрайымы Лиза Кукты қызметінен кетіру жөніндегі қайшылықты әрекеттерін пайыздық мөлшерлемелердің жақын арада төмендеуі мүмкін деген тұрғыда қарастырды. Бұл ретте олар орталық банкке және АҚШ-тың экономикалық саясатына деген ұзақ мерзімді сенімге төнетін қатерлерді уақытша елемеді.

Трамптың Кукты ипотекалық заңнаманы бұзды деп айыптап, қызметінен босатуға талпынысы оның Орталық банкпен текетіресін бұрын-соңды болмаған деңгейге жеткізді. Кук отставкаға кетпейтінін мәлімдеді, оның адвокаты Дональд Трампқа қарсы сотқа жүгіретінін айтты, ал ФРЖ Куктың орнында қалуы үшін сот шешімін талап ететінін атап өтті.

ФРЖ-ның мәлімдемесінде Лиза Кук пен директорлар кеңесінің өзге мүшелері 14 жыл мерзімге тағайындалатыны және еркін түрде қызметінен босатылмайтыны айтылған. Мұндай норма ақша-несие саясатының экономикалық деректерге және елдің ұзақ мерзімді мүдделеріне негізделі отырып қабылдануын қамтамасыз етуге бағытталған.

Дональд Трамп журналистермен кездесуде елге «мүлде адал адамдар» қажет екенін айтып, Куктың бұл талапқа сәйкес келмейтінін мәлімдеді. Ол бірнеше «қлайықты кандидаттарды» қарастырып жатқанын жеткізді, бірақ егер сот шешімі Кукты қызметінде қалдыруға мүмкіндік берсе, соған бағынатынын да қосты.

Саяси белгісіздік жағдайында нарықтың назары технологиялық секторға ауысты. Инвесторлар жасанды интеллекттің нақты пайда әкеле бастайтын уақытын болжауға тырысуда, бұл рекордтық деңгейге жақындаған қор индексінің түзету қаупіне осал етеді. Осы тұрғыда алдағы Nvidia-ның қаржылық есептілігі тек компания акцияларына немесе технологиялық секторға ғана емес, бүкіл Уолл-стритке шешуші ықпал етуі мүмкін.


Nvidia акциялары сәрсенбі кешке жарияланатын тоқсандық есептің қарсаңында 1,1%-ға қымбаттады. Бұл есеп әлемдегі ең қымбат компанияның Вашингтон тарапынан қысымға және Пекинмен жалғасып жатқан сауда соғысына қалай төтеп беріп жатқанын көрсетіп. Чип өндірушінің нәтижелері жасанды интеллектке қатысты компания акцияларының раллин не қолдап, не бәсеңдетуі ықтимал.

Ал сыртқы экономикалық бағытта АҚШ Үндістанға қысымды күшейтті. Дональд Трамптың үнді тауарларына баж салығын екі есеге, яғни 50%-ға дейін арттыру туралы шешімі күшіне енді. Бұл шара киім-кешекке, аяқ киімге, жиназға, зергерлік бұйымдарға және химия өнімдеріне әсер етті. Сарапшылардың пікірінше, бұл қадам Үндістанның ресейлік мұнайды белсенді сатып алуына жауап ретінде жасалды және әлемдегі ең ірі екі демократия арасындағы қатынасты күрделендірді. Нәтижесінде америкалық тарифтер Бразилия мен Қытай қолданған шапшаундық деңгейіне жетіп, әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің біріне айналды.

| KASE акциялары | Мәні, теңге | Күндік өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|------------------|-------------|----------------|----------------|
| Халық Банк | 365 | -2% | 33,3% |
| Банк ЦентрКредит | 4 548 | 2% | 98,4% |
| Kcell | 3 349 | 0% | -0,9% |
| Казатомпром | 23 800 | 1% | 16,4% |
| КазТрансОйл | 806 | 0% | -2,1% |
| КЕГОК | 1 439 | 0% | -5,4% |
| Kaspi.kz | 50 150 | 0% | -8,6% |
| КазМунайГаз | 19 806 | 0% | 35,4% |
| Эйр Астана | 756 | 1% | -33,8% |

| Валюта | Мәні, теңге | Күндік өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|---------|-------------|----------------|----------------|
| USD/KZT | 535,60 | 0,17% | 2,1% |
| RUB/KZT | 6,40 | 0,00% | 31,5% |
| CNY/RUB | 11,07 | 0,31% | -20,9% |
| EUR/USD | 1,1642 | 0,21% | 13,4% |

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%
Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.